



# АЛАТАУ Ардагері



✉ alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№47 (109) 21 қараша 2025 жыл

## КЕҢЕС ПЛЕНУМЫ

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАР БАС ҚОСТЫ



Өткен аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық Ардагерлер кеңесінің пленумы болып өтті.

Аталмыш жиынға аудан әкімі Азат Құтпанбетов, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Скабаев, сонымен қатар аудан көлеміндегі ауылдық Ардагерлер ұйымдарының төрағалары, Аналар кеңестерінің төрайымдары мен мүшелері қатысты.

Аудан басшысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөз кезегін аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Скабаевқа берді. Ол Ардагерлер кеңесінің жыл ішінде атқарған жұмыстары жайында баяндады.

Сөз соңында ол: «Қазыналы қариялардың басты қағидасы- ел-жұрттың амандығы болғандықтан олар қоғамдық бірлікті нығайту, жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, ел ішіндегі татулық пен тәртіпті сақтау бағытында бірқатар мазмұнды жұмыстар атқарды. Кеңес мүшелері алдағы уақытта да елдің игілігі жолында, қоғамдық тұрақтылық бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береміз» деп, алдағы уақытта атқаралатын іс-шараларға қысқаша тоқталып өтті.

Сөз кезегін алған Бақбақты, Ақдала, Жиделі және Бірлік ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағалары ұрпақ тәрбиесі жайында өз ойларын ортаға салса, аудандық «Бірлік» кәсіподақ ұйымының төрағасы Сайран Смағұлов жастардың білім алуына, спортпен айналысуына және дұрыс тамақтануларына барынша жағдай жасап, бүгінгі жас буын өкілдеріне болашақ тізгінін сеніммен табыстасақ деген пікірін білдірді. Ал облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов облыс көлемінде атқарылған іс-шараларды айтып, өңірлердегі қазыналы қарттардың ақыл-кеңесімен



жүзеге асырылып жатқан игі бастамаларды әңгіме өзегіне айналдырды.

Мұнан соң марапаттауға кезек берілді. Марапаттау барысында Бақбақты ауылдық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрсейіт Сарбасовқа Алматы облысының «Құрметті ардагері» атағы табысталды. Сондай-ақ Миялы ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өкілбек Балкыбаев, Бақанас ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұханғали Қожабеков, Ақжар ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алтынбек Қанапияев, Желтораңғы ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Мырзахметов және Құйған ауылдық Ардагерлер кеңесінің төраға-

сы Ақпар Молдаров облыстық Ардагерлер кеңесінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі салт-дәстүр мен қайырымдылыққа қатысты шаралардың және адами құндылыққа негізделген дүниелердің бел ортасында қазыналы қарияларымыз бен ақжаулықты аналарымыздың үнемі жүретінін айта келе, олардың жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, Отанға, туған жер мен елге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында айтарлықтай жұмыстар жасап жатқандығын айтып, оларға алғысын білдірді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.

БАСПАСӨЗ-2026

## Болашаққа бірге қадам жасайық!

Қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын баспасөздің ролі ерекше. Ал өңірлік басылымдар-халықтың ең жақын серігі, жергілікті өмірдің айнасы. Қазақ баспасөзі тарихында аймақтық басылымдардың орны бөлек. Олар жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін нақты, өмірге жақын етіп көрсетеді. Соғардың бірі-Алматы облыстық «Алатау ардагері» газеті. Бұл газет-сол дәстүрді жалғастырып, өңірдің рухани шежіресін жазып келе жатқан қадірлі басылым.

Аты айтып тұрғандай, бұл басылым-ардагерлердің рухани мінбері, өмір тәжірибесі мен елге сіңірген еңбегін дәріптейтін ерекше баспасөз органы. Ардагерлердің өмірін ардақтаған басылым.

Бұл газет облыстағы сөзге және еңбек ардагерлерінің, түрлі сала ардагерлерінің өмір жолын, олардың қоғам өміріне қосқан үлесін насихаттап келеді. Газет беттерінде өмірлік өңсеге толы сұхбаттар, ардагерлердің ел мен ұлтқа сіңірген еңбегі туралы очерктер жарық көреді. Мұның бәрі-жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге мектебі.

Бұл басылым-жастар мен ардагерлерді жақындастырушы көпір. Газет тек ардагерлердің ғана емес, жастардың да мінберіне айналып отыр. Онда жас буынның ой-пікірі, қоғамдағы өзекті мәселелер, білім мен тәрбие тақырыбы жиі көтеріледі. Осылайша басылым ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ел бірлігін нығайтуға өз үлесін қосуда.

«Алатау ардагері»-тек ақпарат таратушы ғана емес, рухани тәрбие беруші құрал, қоғамдық пікір мен руханият алаңы. Онда жарияланған әрбір мақала елдің патриоттық сезімін оятып, еңбекке, адамгершілікке, отансүйгіштікке баулады. Газет аймақ өміріндегі өзекті мәселелерге үн қосып, шешімін табуға жол ашады.

«Алатау ардагері»-атына заты сай, ардагерлердің даналығы мен жастардың жалынды ойын тоғыстырып келе жатқан парасат алаңы. Бұл газетті оқу-откенді құрметтеу, бүгінді бағалау, болашаққа сеніммен қарау. Сондықтан әрбір оқырманның парызы-осындай рухани құндылыққа ие басылымды қолдап, жазылу арқылы елдің рухани өміріне үлес қосу.

«Алатау ардагері»-жүректері жалғайтын басылым. Қоғамның рухани тірегі саналатын бұл басылым ардагерлердің өмір жолын, елге сіңірген еңбегін дәріптеп қана қоймай, жастардың ой-пікірін, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылайтын рухани орын. Бұл күндері осы газетімізге келесі жылға жазылу науқаны облыс көлемінде жалғасын табауда. Бұл-әрбіріміздің өз тарихымызға, рухани байлығымызға, елдің ардақты тұлғаларына құрметімізді білдіретін мүмкіндік.

Келесі жылы да оқырмандарымызбен газет бетінде қауышып, өмірдің жарқын сәттері мен игі істерін бірге бөлісуімізді Құдырет иесі нәсіп етсін дейміз.

Баршаңызды облыстық «Алатау ардагері» газетіне жазылуға шақырамын! Өткенді құрметтейік, бүгінді бағалайық, болашаққа бірге қадам жасайық!

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

### Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы -  
**6371,52 теңге**

Алты айға жазылу бағасы -  
**3185,76 теңге**

Индексі- **65472**

## АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### Есеп беру әлі де жалғасуда

#### Іле ауданы

Күрті ауылдық округінде ардагерлер ұйымының кезекті есеп беру жиыны өтті. Жиынға Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев, Боролдай кенті ардагерлер ұйымының төрағасы Нұрлан Амангелдіұлы, ақсақалдар алқасының мүшелері, ауыл белсенділері, аналар кеңесінің төрайымдары және Алатау жастары ұйымы қатысты.

Шара басталмас бұрын Күрті ауылы маңында жерленген әулие Белағаш Ақұлының басына барып, құран бағыштап, дұға жасап, бабалар рухына тағзым етті. Одан кейін Ақши ауылында салынып жатқан жаңа тұрғын үйлердің құрылысымен танысып, елді мекеннің әлеуметтік дамуына бағытталған істердің барысына оң бағасын берді.

Кейіннен қатысушылар Күрті ауылдық мәдениет үйіне жиналып, жылдық есеп беру жиынының ресми бөлімін бастады. Күрті ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Анипулла Есенбекұлы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жанар Жамбауқызы және «Алатау жастары» ұйымының төрағасы Темірғали Серік 2025 жыл ішінде атқарылған жұмыстар мен жүзеге асқан іс-шаралар туралы егжей-тегжейлі есеп берді.

Есеп барысында ардагерлер ұйымының ауыл жастары арасындағы патриоттық тәрбие, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, қоғамдық келісім мен бірлікке шақыру бағытындағы жұмыстарының нәтижелері айтылды. Сондай-ақ, ауылдық аналар кеңесінің бастамасымен өткізілген қайырымдылық акциялары, ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын кездесулер мен мерекелік шаралар да атап өтілді.

Қорытынды сөз алған Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә.Исаев жастарды елжандылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу, жөнінде өз ой-пікірін ортаға салды. Сонымен қатар 2026 жылға баспасөзге жазылу науқанының маңызына тоқталып, жергілікті тұрғындарды баспасөзге жазылуға, басқа да қоғамдық жұмыстарға қатысуға шақырды.

Жиын соңында қатысушылар Күрті ауылдық округі ардагерлер ұйымының және «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің жыл бойғы жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға беріп, алдағы жылға бірқатар нақты ұсыныстар айтты. Бұл кездесу — ауыл тұрғындарының бірлігін, ұйымшылдығын және елге, жерге деген сүйіспеншілігін тағы бір мәрте дәлелдеген игі шара болды.

#### Ұйғыр ауданы

14 қарашада Шонжы ауылында аудандық ардагерлер ұйымының қорытынды жиналысы болып өтті. Жиналысқа бастауыш ардагерлер және «Асыл ана» қоғамдық ұйымдарының төрайымдары қатынасты.

Қорытынды жиналыста аудандық ардагерлер ұйымының 2025 жылы атқарған жұмыстары, «Алатау ардагері» газетіне 2026 жылға жазылу мәселелері қаралды. Сондай - ақ ауданда ашылған «Белсенді ұзақ өмір орталығының» басшысы А.Жангазиев өзі басшылық жасайтын ұжымның жұмысы туралы мәліметін жиналысқа қатысушылармен бөлісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсентов есепті баяндамасын жасаған соң, жарыссөзде А.Хамраев, Ы.Асаубаев, Р.Сартолова сынды ардагерлер сөйлеп, аудандық кеңестің жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға беріп, баспасөзге жазылуды ұйымдаасқан түрде өткізейік деген тілектерін айтты.

#### Кеген ауданы

12 қараша күні Кеген аудандық ардагерлер ұйымының 2025 жылғы атқарылған жұмыстар туралы есебі болды. Онда ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Досымбеков баяндама жасап 1 жылда атқарылған жұмыстарға кенінен тоқталып өтті.

Жиналысқа аудан әкімінің орынбасары К.Күлеспайұлы, округ ардагерлер ұйымдарының төрағалары, аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Г.Сағымбекова және белсенді ардагерлер қатысты. 2025 жылғы атқарылған жұмыстарға баға беріп, 2026 жылға бағдарламалар белгіленді.

### Ұлы ақынға құрмет

#### Жамбыл ауданы

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай Жамбыл ауылдық округінің «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жамбыл ауылындағы 2 орта мектебі» КММ -де ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған іс-шара өткізілді.



Мақсаты-ақынның бала тәрбиесі мен философиялық ой тұжырымдамасы туралы тәрбиенің түп негізін қалаушы екенін дәріптеу.

Іс-шарада мектеп оқушылары Абай өлеңдерін жатқа айтып, ақынның өмір жолынан көрініс көрсетті. Өнерлі балалар бір билеп, күй тартып, өз өнерлерін ортаға салды. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетіп, бала тәрбиесіне үлкен үлес қосып жүрген аналарымыз ақынның әндерін орындады.

Тәрбиелік мәні зор, жас ұрпаққа берер үлгі өнегесі мол іс-шараға келген ауыл ақсақалдары мен аудандық ардагерлер ұйымының төрайымдары жоғары баға беріп, ұстаздар мен оқушыларға жылы лебіздерін білдірді.

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

# ЕҢБЕГІ ЕЛГЕ ӨНЕГЕ

Адам өмірі-күрделі де терең мағанаға толы ұзақ сапар. Сол сапардың әрбір кезеңі адамға өзінше сабақ, қуаныш пен қиындық сыйлайды. Әсіресе 70 жасқа жету-қазақ ұғымында үлкен белес, кемелдік пен даналықтың шыңы. Бұл жасқа жеткен жан өмірдің талай бұралаңынан өтіп, бай тәжірибе жинаған, көргені көп, ойы терең, сөзі салмақты тұлғаға айналады. 70 жас-ақсақалдық белес, парасаттың шыңы. Бұл жаста адам өткен жолына шүкірлікпен қарап, жақсылыққа ұмтылады. Ұрпағына өсиет айтып, бағыт-бағдар береді. Сабыр мен шыдамдылықтың үлгісіне айналады.

Қазақта «Жетпісте – жеті атанның кеңесін білетін дана» деген сөз бар. Өйткені., 70 жасқа келген адамның көргені де, түйгені де мол. Ол-отбасының тірегі, әулеттің ақылшысы, елдің қадірлісі. Сол қадірлі жанның бірі Байсерке ауылының тұрғыны, Қазақстан Республикасының, Алматы облысының, Іле ауданының Құрметті азаматы Құрманғали Омарғалиұлы Кенжеқұлов!

Құрманғали Омарғалиұлы 1955 жылы Іле станциясында дүниеге келді. Әкесі Омарғали мен анасы Шәйжан өте қарапайым жандар еді. Ұлы Отан соғысынан жеңіспен оралған әкесі агроном болып жұмыс істеп, елдің абыройына бөленді. Анасы үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысты. Кең даланың тынысы сезілетін, темір жолдың үздіксіз қозғалысы мен

елгезек, талапты болып өсті. Мектеп қабырғасынан бастап жауапкершілігімен, оқу-білімге деген қызығушылығымен ұстаздарының да, қатарластарының да көңілінен шығып отырды.

1972 жылы Нұра (бұрынғы Октябрь) ауылындағы орталау мектепті бітірген соң Талғар қаласындағы ауылшаруашылын механизациялау техникумына түсіп, 1976 жылы оқуды үздік бітіріп, техник-механик мамандығын алып шықты. Еңбек жолын әкесінің ақылымен сол кездегі «Қазақстанның 40 жылдығы» колхозында қарапайым тракторшылықтан бастады. «Балам, төменнен бастасаң, төбеден орын аласың, трактор айдамай тұрып, механиктің жұмысын бірден игеріп кете алмайсың»,-деген еді марқұм әкесі Омарғали сол кезде. Шынында да



ашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты.1982-1983 жылдары Іле аудандық ДОСААФ-тың бастығы болды. 1983-1987 жылдары Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі жүйесінде механик болды. Арасында ауылшаруашылығы кәсіпорнын басқарғаны да бар. 2002 жылдан бері «Байсерке» жауапкершілігі шектеулі «Байсерке» ауылшаруашылығы кәсіпорнын басқарып келеді. Осылайша ол Іле ауданының ауылшаруашылығы саласын дамытуға орасан зор үлес қосты.

Ол кәсіпорынды басқарумен қатар, Байсерке округіндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. 10 жыл Байсерке округтік ақсақалдар кеңесін басқарды. Сол кезде де, қазір де округтегі сан түрлі әлеуметтік шараларға, қайырымдылық бастамаларға белсене үлес қосып келеді. Атап айтсақ, Құрманғали Омарғалиұлының жеке бастама-сымен және тікелей араласуымен 2020 жылы Жаңаталап ауылында 250 адамға арналған қатымхана салынып, пайдалануға берілді. Жетім-жесірдің көз жасын сүртіп, тұрмысы төмен отбасыларға демеу болып, көпшілікке көрсеткен көмектері оның жүрегінің кеңдігін дәлелдейді. Ол адамдарға жақсылық жасауды міндет емес, жүрек қалауы деп түсінеді.

Сонымен қатар Құрманғали Омарғалиұлы ұлттық және мәдени құндылықтарды ерекше қадірлейді. Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жастарға үйретіп, елдің рухани тұтастығын сақтау жолына өз үлесін қосып келеді. Қоғамдағы моральдық-адамгер-

шілік қағидаларды нығайту да-Құрманғали Омарғалиұлының өмірлік кредосының бір бөлігі. Ол әрдайым әділдік пен ізгілікті ту етіп, жастарға өнеге көрсетіп отырады. Ұлттық өнер, тіл, тарих мәселелеріне де бейжай қарамай, өзінің айналасындағыларға осы құндылықтарды кеңінен насихаттайды.

Осы мақсатта Құрманғали Омарғалиұлы өз ұлтының тамырын терең тануды өмірлік парыз санап, Алтын Орда дәуірінің шынайы тарихын, оның ішінде Жалайыр руының рухани мұрасын зерттеу үшін Шыңғыс ханның ең сенімді қолбасшыларының бірі Жалайыр руынан шыққан Мұқали ноянның билік жүргізген өңірлеріне барып, оның тарихи ізі қалған жерлерді өз көзімен көріп қайтты. Қытайдың Шэньси өлкесіндегі Қюлинь қаласындағы Мұқали ноянның басына барып зиярат жасады. Ұлы Құрылтайда «Көк Ту ұстау» міндеті берілген, империяның шығыс өлкелерін басқарған тәжірибелі қолбасшы Мұқалидың ерлігін үнемі дәріптеп отырады. Сол сияқты 1452 жылы патша 2-ші Василий Мещерский қаласын Қасым ханға берген Ресейдің Рязань облысына барып, ата-бабаларымыздың ізі қалған жерлерді аралап қайтты. Өзінен кейінгі жастарға Қасым ханның Қазан хандығының негізін қалағандығын, Мәскеуге қарсы күрестерін, оның батылдығын, парасаттылығын айтып, олардың тарихымызды тереңінен ұғынуына ықпал жасай білді. Айтпақшы, Құрманғали Кенжеқұлов «Әке ұлағаты», «Аманат», «Гибрат» атты үш кітап жазып, жарыққа шығарды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын академик Өмірәлі Шақарұлы Жалаиридің бастамасымен «Қыдырғали би Қосымұлы Жалайри» халықаралық қорын құрған болатын. Құрманғали Кенжеқұлов-осы қордың белсенді мүшесі. Қордың негізгі мақсаты-«Жеті ата» дәстүрі бойынша рулас адамдардың басын қосып, ата-бабаларын мәңгі есте қалдыру. Осы қордың негізінде «Жалайыр» қоғамдық қоры құрылып, көп жұмыстар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Жалайыр» қоғамдық қоры Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы Теректі ауылының жанында Қоблан Жалайырдың күмбезінің жанынан 12 атаның есімдері жазылған кешеннің құрылысы жүргізіліп жатыр, Боралдай өзенінің үстінен жаяу жүргін-

шілер үшін көпір салынды. Болашақта кешеннің айналасы толық көгалдандырылмақ.

Кәсіпкер әрі қоғамдық жұмыстардың белсендісі, меценат Құрманғали Омарғалиұлы үшін отбасының орны ерекше. Отбасы–ерлі-зайыптылардан құрылатын қоғамның маңызды бөлігі деп есептесек, Құрманғали Омарғалиұлының жолы болды. Жұбайы Фатима үйдің берекесін кіргізіп, ырысын арттырып отырған жан. Кенжеқұловтар отбасында үш ұл мен бір қыз тәрбиеленді. Үлкен ұлы Серік- ішкі істер саласының полковнигі, Сұлтаны болса сыртқы істер Министрлігінде лауазымды қызмет атқарады. Тимур қырылғыс саласында. Қыздары Бақытгүл- банк қызметкері. Келіндері Динара, Әйгерім,Дина, күйеу баласы Дәурен өздерінің туған балаларындай болып кетті. Құдай берген оншақты немересі-атасы мен апасының көз қуанышы.

Әрбір еңбектің өз өтеуі болады десек, Құрманғали Кенжеқұловтың «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне -20 жыл», «Қамқор әке» төсбелгілері мен Алматы облысы әкімінің, Іле ауданы әкімінің бірнеше Құрмет грамотасы, басқа да марапаттары жетерлік. Бірақ, ол үшін мадақтау, марапаттау қағаздары емес, жерлестерінің өзіне деген ыстық ықыласы мен қадір-құрметі әрқашан жоғары орында тұрады. Өйткені, ол қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық іс-шараларына, қоғамның әлеуметтік мәселелеріне айналасындағы адамдарды белсене қатысуға үнемі шақырып отырады. Көптеген бастамалардың ұйытқысы болып, әлеуметтік және кәсіби салада жаңа идеяларды іске асыруға үлкен үлес қосты. Оның еңбегі қоғамға пайдалы, жастарды мақсатқа жетуге ынталандыратын бірқатар жобалар мен шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Сондықтан Құрманғали Омарғалиұлы бүгінгі жастар үшін нағыз үлгі бола алады. Ал, оның жолы жастарды әрқашан алға жетелейтін, болашаққа деген сенім мен үміт ұялататын жол болы табылады.Таңдап алған мамандығы инженер-мехник болса да бабаларының тарихын зерттеп, олардың өмір жолын артындағы өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізе білген Құрманғали Омарғалиұлын шын мәнінде ата-баба аманатына адалдық танытқан жан деп білеміз.

Роза АЙДАРБЕКОВА.  
Іле ауданы.

● АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СӨЗ

Ең қауіпті мамандықтардың бірі-электрик. Өйткені, адам өміріне қауіпті токтарды жалғап, өмірінді қатерге тігесің. Оқыс жағдай да болуы мүмкін. Бірақ, қызметіне адал адам үшін бұл сылтау емес. Осылай деген кейіпкеріміз Қабылбеков Бақытбек Елеусізұлы-нағыз еңбек адамы. Ол күн сайын тынымсыз еңбек етіп қана қоймай, екінің бірінің қолынан келе бермейтін тәуекелге толы жұмыс істейді.

## Көпке үлгі

Бақытбек Елеусізұлы 1969 жылы қыркүйек айының 12-жұлдызында Нарынқол ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1994 жылы Райымбек ЭТА электр тарату торының жүргізушісі болып бастаған. Қазіргі таңда аталған мекеменің пайдалану жөніндегі электромонтеры.

Б.Қабылбеков осы мекемеде табан аудармай 31 жыл қызмет еткен. Аталған салада ұзақ жыл тәжірибесі бар электромонтер жастарға білгенін үйретуден жалыққан емес. Жас мамандарға бірінші кезекте қауіпсіздік ережесін сақтауды, асығыстыққа бой алдырмауды, әр нәрсеге салғырт қарамауды, үнемі дамып әрі жаңа технологияларды меңгеруге кеңес береді.

Бақытбек ағамыз ұзақ жылғы адал еңбегінің және біліктілігінің арқасында мамандығы бойынша 2024 жылдың «Жыл үздігі» болып танылды. Қыстың аязы, жаздың аптабына қарамай халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету жолында талмай еңбектеніп жүрген еңбек адамының алған марапаттары да аз емес. Электромонтерлар арасындағы жарыста ауданымыздың намысын республика, және облыс көлемінде бірнеше рет қорғаған.

Қиындығы мен қызығы, ыстығы мен суығы қатар жүретін мамандықты өзіне 31 жыл серік еткен Бақытбек Қабылбековтың табанды еңбегі көпке үлгі болары сөзсіз.

Өз тілшімізден.  
Райымбек ауданы.

● САЛА МАМАНЫ

# Құрметті автокөлікші атанды

Қазіргі таңда қоғамдық көліктердің қызметін жақсарту, жүргізушілердің мәдениетін көтеру мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету басым бағыттардың бірі болып саналады.

Осыған орай Республика күні мерекесі қарсаңында Алматы қаласында автокөлік мекемелерінде еселі еңбек сіңіріп жүрген еңбек майталмандар мен осы саланың ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, бірқатар еңбек ардагерлері осы жерде марапатталды.

Осы салтанатты шараға арнайы қатысқан Бақанас ауылының тұрғыны, Балқаш ауданының Құрметті азаматы



Микоян Күршәлі «Құрметті автокөлікші» төсбелгісімен марапатталып, аудан абыройын асқақтатты.

Мерекелік шарада сый-құрметке бөленіп, мәртебесі асқақтаған Микоян Есмұханұлының айтуынша бұл мереке осыдан 30 жыл бұрын дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келген. Еліміз тәуелсіздік алғалы тұғыш рет тойланып жатқан мерекеде ерекше құрметке бөленген жерлесіміз 1967 жылы Алматы қаласындағы «Авто колонна -2573» мекемесінде механик болып, өзінің алғашқы еңбек жолын бастаған болатын-ды.

Бүгінгі марапат иесі 1968 жылы Бақанас автокөлік мекемесіне бас инженер қызметіне орналасқан. Ал 1979 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мекеменің директоры қызметін абыройлы атқарып, еселі еңбек жолында бірнеше рет марапат иегері атанғаны тағы бар.

1997 жылы зейнетке шыққан Микоян Есмұханұлының бақ дарыған ауданымызға сіңірген еңбегі орасан зор деп білеміз. Қадірлі қария-өзінің тынымсыз еткен еңбегінің арқасында өңіріміздің экономикасының артуына өзіндік сүйбелі үлес қосқан жан. Бүгінде өң бойындағы асыл қасиеттермен көпшілік ортада сый-құрметке бөленіп жүр.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.  
Балқаш ауданы.

● ЕСЕП БЕРУ ЖИНААЛЫСЫ

# ОН БАҒА БЕРІЛДІ

Жиналысқа облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сүгіров, Алатау қаласы әкімдігі саясат бөлімінің басшысы Ардагер Ақжігітов және 12 ықшам аудандағы кеңестердің төрағалары мен төрайымдары, ауыл тұрғындары және жастар шақырылды.

Жиналысты Алатау қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Юсупов ашып, атқарған жұмыстары туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, әр ықшам ауданның ардагерлері өздерінің жасаған іс-шаралары туралы тұрғындарды хабардар етті.

Алатау қаласы әкімдігі саясат бөлімінің басшысы Ардагер Ақжігітов әкімшілік атынан алғыс білдіріп, бұл жұмыстың одан әрі дамуына сенімді екенін айтып, елдің еңсесін көтеріп тастады. Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сүгіров Алатау қаласындағы ардагерлер және Асыл ана кеңестерінің атқарған жұмыстарына оң баға беріп, облыстық Ардагерлер кеңесі төрағасының атынан жазылған мадақтау қағазын табыс етті.

Шара барысында Алатау қаласының тұрғыны, бірнеше жыл мектеп басшысы болған, қазіргі уақытта Алатау қаласы ардагерлер кеңесінің мүшесі Қаниза Нұрановаға облыстың «Құрметті ардагері» төсбелгісін табыстады.

Сонымен қатар асыл ана кеңесінің бірнеше мүшелері облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Е.С.Тұрымбетов пен Алатау қаласының әкімі А.Х.Өтемовтың Алғыс хаттарымен марапатталды.

12 ықшам ауданның жастары да назардан тыс қалған жоқ, ауылдарына көрсеткен ізгі істері үшін Алатау қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Юсуповтың алғыс хаттарымен марапатталды. Ауыл тұрғындары жастардың жасаған ізгі істеріне ризашылықтарын білдірді

Жиналыс соңында ауыл ақсақалы жиналған қауымға арнап бата берді.

**Риза САУЫРБАЕВА,**  
Алатау қалалық қоғамдық кеңесінің төрайымы.

2025 жылғы қараша айының бірінші жартысында Алатау қаласының №4 орта мектебінде «Ардагерлер» мен және «Асыл ана» кеңестерінің атқарған жұмыстары туралы жылдық есебі бойынша жиналыс өткізілді.



● ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

# ЖАҚСЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Бүгінгі жасампаздықтың жарқын көрінісіне айналған өркениетті өмірімізде қоғамдық ұйымдардың үлкен қозғаушы күш екеніне анық та айқын көзіміз жетіп келеді. Халықтың ынтымағы мен бірлігін, ұлттың тұтастығын тұғырында ұстауда және халықтың алдында кездесіп отырған кедергілер мен келелі проблемаларды шешуде бұл ұйымдардың белсенділігі және атқарып отырған жұмыстары айтулы-ақ. Олардың жүйелі түрдегі жұмыстарын халық та орынды бағалап келеді.

Сондай бетке ұстар беделді ұйымдардың санатында ардагерлер және аналар ұйымдары екенін тереңнен сезіне білетін еліміздің мемлекеттік жүйелері мен тиісті орындары оларға қолдау көрсетуден ешқашан да шет қалған емес. Осынау ұйымдардың қатарына Қарасай аудандық ардагерлер ұйымын толығынан жатқызуға болады. Ұтымды жұмыстар ұйымдастыруды, орын алып отырған олқылықтарды орнына қоюда, халықтың мүддесін ойластыруда бұл ұйымның ересен еңбегі бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл жұмысқа еңбекақысыз келген еріктілер-өмірден көргендері мен көңілдеріне түйгендері көп, 65 пен 90 жасқа таяп қалған ардагерлер мен ардақты аналар. Оларды әділдік пен адамдық тұрғысынан жұмыс істеп жатыр деп айтуға болады. Халық та олар жайлы қалт айтып көрген емес.

Халық көп шоғырланған Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынның аталған ұйымның жыл ішінде атқарған жұмыстарына жан-жақты тоқталып, көпшілік алдында сарапқа салып берді. Қазіргі уақытта ауданда бір қалалық және он ауылдық ардагерлер мен «Асыл аналар» ұйымдары тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Мұның сыртында ауылдық округтерге қарасты барлық ауылдарда да елу бес ауылдық ардагерлер және «Асыл аналар» ұйымдары жұдырықтай жұмылып, ұтқырлы ұйымшылдық тұрғысынан жұмыс істеп жатқандарының өзі де атап айтуға тұрарлық. Сағат Ұлтаракұлы олардың игілікті істеріне де кеңінен талдау жасап, лайықты бағасын беріп тастады.

Сол сияқты ардагерлер ұйымдарында бүгінгі күні бірде-бір Ұлы Отан соғысының ардагерлері жоқ. Алайда, соғыс ардагерлерінің он төрт жесірлері, үш жүз он екі тыл ардагерлері, Ленинград блокадасына қатысқандардан бір, Чернобыль апатына қатысқандардан алпыс екі, аудан аумағынан отыз мың бір жүз он төрт зейнеткерлер есепте тұрады. Бұларды ардагерлер ұйымдары жыл сайын қатаң қадағалап, бас-аяғын түгендеп отырады. Әтген,



өмір болған соң, өзгеріс те болмай қоймайды ғой. Жыл сайын осылардың қатары азайып бара жатқандығы арқаға аяздай батады. Дегенмен, өмір заңдылығына ешкім де тосқауыл қоя алмайды. Олардың көзі тірілеріне лайықты құрмет көрсетуді ардагерлер ұйымдары өздерінің басты парызы санайды.

Жыл басынан бері аталған ұйымдар Ұлы Жеңістің 80 жылдық

алынып, халықтың жүрегінен жол тапты. Мәселен, аудан аумағында Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған және бейбіт өмірге белсене араласқан, кейіндеп қайтыс болып кеткен ардагерлер ескерткіштерін күтімге алу, қайта жөндеу, айналасын тазалау жұмыстары «Алатау жастары» ұйымына тапсырылып, олар бұл міндетті ойдағыдай орындап шықты. Олар «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты кең көлемді конференция өткізіп, жастарды жалынды істерімен көрінуге дем беріп, олардың бойларына жігер мен құлшыныс туғызды.

Осы жылдың ішінде ауданда облыстық ардагерлер ұйымының нұсқауымен жаңадан «Асыл аналар» ұйымы құрылып, оның төрайымы болып, бар өмірін оқу-ағарту саласына арнаған ұлағатты ұстаз Ұлтай Амангелдіқызы Бархинова тағайындалды. Содан бері бұл ұйым ауызға алуға тұрарлық біраз жұмыстарды іс жүзіне асырып үлгерді. Жоғарыда аталып өткен, бүгінгі күннің ескіrmес тақырыбына айналған «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» аясында аудандық кітапханада Санжар Жандосов атындағы Қаскелен кәсіптік-техникалық колледжі студенттерімен және барлық округ жастарымен бас қосқан мәні мен маңызы зор үлкен жиын өткізді. Онда тарихы терең Ұлы Жеңістің қатпарлы қалың парақтарын ашып, Отан үшін қан төккен майдангерлердің естен кетпес ерліктері әңгіме арқауына айналды.

Ең бір ерекшелеп айтатын жай, Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында Ленинград блокадасына қытысқан көзі тірі Суханова Зинаида Андреевнаның үйіне ардагерлер ұйымы барып, Ленинград қаласы губернаторының арнайы жіберген құттықтау телеграммасын

беріп, оған ұйым атынан азық-түлік жағынан айтарлықтай сый-сияпат жасады. Сондай-ақ азық-түлік жағынан 99 жасқа келген Ұлы Отан соғысы ардагерінің жесірі Құндызай Көлбаеваға, 100 жасқа келген тыл ардагері Сәлима Бұлғақбаеваға және 28 тыл еңбеккерлеріне көпкөрім көмектер көрсетілді.

Аудан әкімдігі де соғыс және тыл ардагерлеріне қолғабыс беру жағынан тыс қала қоймады. Олар мәңгілік бақилыққа кеткендердің құрметіне арнап ақ дастархан жайып, олардың құрметіне құран бағыштады. Олардың әруақтарына тағзым етті. Сонымен қатар Үсенбай Тастанбеков пен Сейітхан Исаевтардың аттарына арнайы түрде, салтанатты жағдайда көшелер берілді. Және де Ұлы Отан соғысына қатысып, одан кейін бейбіт өмірдің берекесін арттырған, облыстағы біраз аудандарды басқарған, қайраткер тұлға Рақымжан Мақашевтың атындағы көшедегі көп қабатты үйлердің біріне батыр атамыздың аты-жөні жазылған ескерткіш тақта орнатылды. Сол сияқты Қарасай батыр атындағы көше бойындағы көп қабатты зәулім үйдің бір қабырғасына тұтастай Бауыржан Момышұлының портреті салынып, оның ашылу рәсімі салтанатты жағдайда өтті.

«Асыл аналар» ұйымы аудандағы «Аудандық мансап орталығы және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімімен тығыз байланыстағы қарым-қатынас орнатып, едәуір жұмыстарды жүзеге асырды. Атап айтар болсақ, соғыс ардагерлерінің 14 жесірінің әрқайсысына 58 980 теңгеден, барлығы 5 308 200 теңге қаражат берілді. Ал, Египет соғысына қатысқан 1 ардагерге 196 600 теңге, барлығы 19 463 400 теңге арнаулы көмек көрсетілді. Сонымен қатар Тәжік-Ауған соғысының 99 ардагерінің әрқайсысына 196 660 теңгеден қаражат берілгенін атап айтуымыз керек. Мұндай көмектер жоғарыдағы ақшалай қаражат мөлшерінде Таулы Қарабақ соғысына қатысқан 39 ардагерге, Чернобыль апатына қатысқан 62 адамға да берілді. Мұның бәріне мұрындық болған аудандық ардагерлер ұйымы.

Сағат Ұлтаракұлы жыл ішінде ардагерлер ұйымында кең көлемді 10 отырыстың өткізілгенін, ауылдық округтерде 4 отырыстың болып өткенін қадап тұрып айтты. Өткен отырыстардың бәрі де бүгінгі күннің өзекті мәселелері екеніне жеке-жеке тоқталып, басынан аяғына дейін түсіндіріп өтті. Осы бағытта жыл басында құрылған «Алатау жастары» ұйымының да салғырттықтан бойларын аулақ ұстап, ұтқыр жұмыстарымен көзге түсіп келе жатқанын нақты дәлелдер бойынша көпшіліктің алдына көлденең тартты. Расында да бұл жастар ұйымы аудан әкімдігі мен ардагерлер ұйымы тарапынан тапсы-

рылған жұмыстарды тап-тұйнақтай орындауда жастарға тән жалынды жігер көрсетіп келеді. Олардың Ұлы Жеңістің құрметіне орай көп ізденіспен жасаған, соғыс ардагерлері топтастырылған альбомдары табанды еңбектің нақтылы нәтижесі деп айта аламыз.

Ардагерлер ұйымы ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын да атаусыз қалдырған жоқ. Нақтылы іс-шаралар бойынша әр ауылда дүркіреп өтті. Бұл жағынан айтқанда, Елтай ауылдық ардагерлер ұйымы, оның төрағасы Есенгелді Сәлібековтің және «Асыл аналар» ұйымының төрайымы Күлпан Исабаевалардың жетекшілігімен, Абай өмірінің шығармашылық ізденіспен сахна төріне шығарылуына облыс бойынша келген ардагерлер ұйымдары асқан ризашылықпен тәнті болды. Сонымен бірге олардың Абай әндерін асқан шеберлікпен орындаулары да көпшілікке қошеметпен қол соқтырды. Олардың өрге жүзген өнерлері тамашалаушылар тарапынан жоғары бағасын алды.

Аталған мерзім ішінде ардагерлер ұйымындағы жемісті жетістіктері үшін Елтай ауылдық округінен әжелер хорын ұйымдастырған, облыстық және Қырғызстанда өткен өнер байқауларында бас жүлдеге ие болған, Түркияға жолдама алған Назаргүл Ұәлиева, ардагерлер ұйымындағы 12 жылдық жемісті еңбегі үшін Гүлжан Тілеуліқызы «Алматы облысының Құрметті ардагері» медалдарымен марапатталды. Осы жиын барысында адалдықпен атқарған айтулы жұмыстары үшін Райымбек ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Леміс Әбдікерімов, Әйтей ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Шәріпқұлов, Жамбыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Елікбай Оспанқұлов, Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубеков, Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Қатубаев, Елтай ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Есенгелді Сәлібеков, «Алатау жастары» ұйымының төрайымы Жарқынай Садуова, тағы басқаларға арнайы атаулы сыйлықтармен бірге аудан әкімінің Алғыс хаттары тапсырылды.

Кең көлемде өткізілген аудан ардагерлерінің есеп беру жиналысында оның төрағасы Сағат Мәсімақынның атқарған жұмысына қанағаттанарлық баға берілді. Сондай-ақ алдағы жылы атқарылатын жұмыстардың іс-жоспары мен міндеттері де таныстырылды. Осыған қарап-ақ, ардагерлер ұйымының жақсы істері алда да жалғасын таба беретініне толыққанды сенім артуға болады. Олар қашан да көшбасынан көріне бермек.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ,**  
Қаскелен қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.  
Қарасай ауданы.



● АРМАНДАСТАР ҚҰРДАСТАР

БАТЫР ТҰЛҒАСЫНЫҢ  
ҮШ ҚЫРЫ



(Қарқара (Албан) көтерілісінде қаһармандық пен ерен ерлік көрсеткен батыр, Қожбанбет руының қолбасшысы әрі күйші Мергенбай Ерденеұлы).

Қазақ халқының тарихында елі мен жері үшін күресіп, артында өшпес рухани мұра қалдырған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – батыр, күйші, ел ұраны болған ерекше жан Мергенбай Ерденеұлы. Ол ерлігімен де, елдік пен руханиятты ұштастырған дара қасиетімен де ұлт жадында қалған.

Мергенбай 1843 жылы дүниеге келіп, 1929 жылы өмірден өткен. Тегі – Қожбанбет руының Сақау – Батырша – Қосқұлақ тармағынан. Атасы Байғазы дәулетті әрі әділ адам болса, әкесі Ердене Байғозыұлы Ресей империясымен келісім жүргізіп, Ұлы жүздің Ресей құрамына кіру туралы құжатқа қол қойған беделді би болған. Осындай текті әулеттен шыққан Мергенбай жастайынан ел қамын ойлаған, рухы биік, намысты азамат болып қалыптасты.

Мергенбайдың өмір жолы күрес пен ерлікке толы. Ол отаршылдық саясатқа қарсы шыққан халық қозғалыстарына қатысып, елінің еркіндігі үшін атқа қонған. 1916 жылғы Қарқара көтерілісінде ол көтеріліс басшыларының бірі ретінде елін бастап шықты. Бұл Жетісу өңіріндегі ең ірі ұлт-азаттық қозғалыстардың бірі еді. Патша үкіметінің 25 маусымдағы «19 бен 43 жас аралығындағы қазақтарды майданның қара жұмысына алу» туралы жарлығы халықтың ашу-ызасын тудырып, ел көтерілген. Сол сәтте жетпістен асқан Мергенбай Ерденеұлы: «Біз бала бермейміз!» – деп, халқын ерлікке шақырды. Тарих ғылымдарының кандидаты Шамак Тлеуба-

ев өз еңбегінде Мергенбайдың есімін көтеріліс басшылары қатарында атап өтеді. Ал өлкетанушы-журналист Әлнұр Мейірбеков те «Қожбанбет елінен Айтбай мен сақау Мергенбай бастаған» деп, оның ел арасындағы беделін ерекше көрсетеді. Бұл деректер Мергенбайдың ұлт тағдыры үшін өмірін тәуекелге тіккен тұлға болғанын дәлелдейді.

Көтеріліс аяусыз басылып, жазалаушы отрядтар елді қырғынға ұшыратқан кезде Мергенбайдың әулеті амалсыз Қытай асып, босқын атанады. 1917 жылғы төңкерістен кейін ол туған жеріне қайта оралады, бірақ кеңестік саясаттың қыспағы мен қуғыны оны тағы да туған топырағынан айырды. Өмірінің соңғы жылдарын Қытай жерінде өткізген Мергенбай ұлт азаттығының ақ арманына жете алмай дүниеден өтті.

Алайда ол тек батыр ғана емес, күйші-композитор ретінде де халық жадында қалған. Жетісу өңірінің дәстүрлі күйшілік мектебінде Мергенбай Ерденеұлының есімі ерекше аталады. Әкесі мен атасынан дарыған өнер оның бойында терең тамыр жайған. Ол шаңырағында балаларын күймен тәрбиелеп, домбыраны рухани мұраның өзегі деп ұғындырған. Мергенбай өз ұрпағына күй тартқызғанда, «кім қалай тартты?» деп сын айтқызу арқылы олардың есту, сезіну, және бағалау қабілетін жетілдірген. Осы дәстүрдің арқасында оның әулетінен жеті бірдей күйші шықты.

Мергенбайдың өмір жолынан сыр шертетін ең таңымал туындысы – «Арман» күйі. Аңыз бойынша, ол осы күйді он алты жасында шығарған. Жас батыр жаумен жекпе-жекке түсіп, қалмақтың Бадыма атты батырымен шайқасқан. Өлім аузында жатқан қарсыласы: «Батыр болсаң, менің семсеріммен кес, нағыз ер болсаң, мені ая» деген екен. Мергенбай оны өлтірмей, өмірін сақтап қалады. Сол күнгі сезім мен ойдың толқынын ол күй тілімен жеткізген. «Арман»-адамдық пен ерліктің, жеңіс пен мейірімнің нәзік үйлесімін бейнелейтін туынды.

Бүгінде Мергенбай Ерденеұлының ұрпақтары оның мұрасын лайықты жалғастырып келеді. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан ауылында Мергенбай Ерденеұлы атымен аталатын мешіт бой көтеріп, ол ел рухының нышанына айналды. Батырдың 30 ұл мен 30 қызынан тараған әулеті бүгінде 130 түтінге жеткен. Олардың арасында күйшілер де, палуандар да, ғалымдар да бар. Немересі Бауыржан Бекмұханбет «Батыр баба – Мергенбай» атты күй шығарып, баба есімін қайта жаңғыртты.

Мергенбай Ерденеұлы – елдік пен руханияттың тұтастығын бойына сіңірген тұлға. Ол – қолына қару да, домбыра да ұстаған нағыз қазақтың бейнесі. Ерлігімен де, өнерімен де ұрпаққа үлгі болған Мергенбайдың өмірі – халық намысының, ар мен рухтың шежіресі. Оның «Арман» күйіндей мұрасы да, батырлығы да ұлт жадында мәңгі жаңғырып тұрары сөзсіз.

Береке БАҚЫТЖАН,  
А. Сәрсенбайұлы атындағы орта мектептің  
10-сынып оқушысы.

Қоғамның рухани келбетін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі – тіл мәдениеті. Тіл – ұлттың айнасы, рухани қазынасы. Ал сол тілдің болашағы мен дамуы қазіргі жастардың оған деген көзқарасына тікелей байланысты.



ЖАСТАР ЖӘНЕ  
ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Бүгінгі таңда жастардың тіл мәдениетіне қатысты көзқарасы әртүрлі. Бір жағынан, ана тілін қадірлейтін, қазақша таза, көркем сөйлейтін жастар қатары көбейіп келеді. Олар ұлттық болмысты сақтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге атсалысуда. Екінші жағынан, әлеуметтік желілер мен шетелдік мәдениеттің ықпалы нәтижесінде тілдің шұбарлануы, қазақша мен орысша немесе ағылшынша сөздерді араластырып сөйлеу («аралас тіл») белең алып отыр. Бұл — тіл мәдениетінің әлсіреуіне алып келетін құбылыс.

Тіл мәдениеті – тек дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу ғана емес, сонымен қатар тыңдаушыға құрмет көрсету, өз ойын анық, әсерлі жеткізу өнері. Жастардың тіл мәдениетін қалыптастыруда мектеп, отбасы және бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Әсіресе, әлеуметтік желілерде таза, мәдениетті тілмен сөйлеу жастардың өзге буынға үлгі болуына мүмкіндік береді.

Қазіргі заман – жаһандану дәуірі. Шет тілін үйрену – заман талабы. Дегенмен, өз ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілік бірінші орында болуы қажет. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, оны заманауи ғылым мен технология тіліне айналдыру жастардың қолында.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жастар – тіл мәдениетінің болашағы. Егер әрбір жас өз тілін ардақтап, таза сөйлеп, сауатты жазуға ұмтылса, қазақ тілінің болашағы жарқын болмақ. Тіл мәдениеті – ұлт мәдениетінің айнасы, ал оны сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Жасталап ОРАЗХАН,  
Ораз Жандосов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Райымбек аудандық филиалының оқытушысы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Сыбайлас жемқорлық  
құқық бұзушылықтардың  
алдын алу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- заңдылық;
  - адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
  - жариялылық пен ашықтық;
  - мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
  - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
  - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың қауіп-заңдарын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат – қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізеді.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертін одан әрі ұшықпауына жол бермей, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу қажет.

Емдеу-  
профилактикалық  
мекемелердегі  
температуралық  
ауа режимі -  
денсаулықты  
сақтаудың маңызды  
шарты

Емдеу-профилактикалық мекемелерде қолайлы температуралық жағдай жасау – науқастардың сауығу процесін жылдамдататын, аурудың асқынуының алдын алатын және медицина қызметкерлерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ететін негізгі санитариялық-гигиеналық талаптардың бірі болып табылады. Адам ағзасының физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, ауа температурасының дұрыс деңгейде болуы тыныс алу жүйесіне, қан айналымына және жалпы иммундық жүйеге оң әсер етеді. Сондықтан емдеу мекемелеріндегі әр бөлімнің өзіне тән температуралық режимі белгіленген.

Мысалы, науқастар жататын палаталарда ауа температурасы +20...+22°C, операциялық бөлмелерде +22...+24°C, босану бөлімдерінде +24...+26°C, ал жаңа туған нәрестелерге арналған палаталарда

+24...+26°C шамасында болуы тиіс. Сонымен қатар, физиотерапия, зертхана және емшара бөлмелерінде температура гигиеналық талаптарға сай реттеліп отырады.

Температуралық режимді сақтау үшін ғимараттарда жылыту, желдету және ауа алмастыру жүйелері үздіксіз жұмыс істеуі қажет. Қыста бөлмелерді артық жылыту немесе жазда салқындату жүйесінің дұрыс болмауы адамның жағдайына кері әсерін тигізеді. Сондықтан ауаның ылғалдылығы мен қозғалысын да жүйелі түрде бақылау маңызды.

Медицина ұйымдарында температураны өлшеу және тіркеу күн сайын жүргізіледі. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары тарапынан микроклимат параметрлеріне жоспарлы және профилактикалық бақылау жасалып отырады.

Дұрыс ұйымдастырылған температуралық режим – емдеу мекемелерінің санитариялық қауіпсіздігі мен халық денсаулығының кепілі. Ол науқастардың тезірек жазылып шығуына, аурудың өршуін болдырмауға және медициналық қызмет сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді.

Сондықтан әрбір емдеу мекемесі санитариялық қағидаларды қатаң сақтап, бөлмелердегі ауа температурасының тұрақтылығын қамтамасыз етуі қажет. Бұл – қоғам денсаулығын қорғаудағы маңызды әрі жауапты міндет.

Н. МЕДЕТОВ,  
«Қонаев қаласының санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасының бастығы

|                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>АЛАТАУ<br/>Ардагері</p> <p>Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p>ҚҰРЫЛТАЙШЫ:<br/>«Ардагер ұйымы»<br/>Республикалық қоғамдық<br/>бірлестігі<br/>Алматы облыстық филиалы<br/>Директор:<br/>Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p> | <p>БАС РЕДАКТОР:<br/>Роза Айдарбекова<br/>Тел.: 8 777 251 9310</p> <p>ТІЛШІЛЕР:<br/>Алтынбай Сықымбек<br/>Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев<br/>Тел.: 8 747 706 1334</p> | <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p> | <p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:<br/>Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.<br/>«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400<br/>Тапсырыс №2545<br/>Индексі – 65472.</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|